

**Үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының қиысу нүктесін
белгілеу туралы Қазақстан Республикасы, Қытай Халық
Республикасы және
Ресей Федерациясы арасындағы
К Е Л І С І М**

Бұдан былай Уағдаласушы Тараптар деп аталатын
Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы және Ресей
Федерациясы,

егемендік пен аумақтық тұтастықты өзара құрметтеу
принциптерін басшылыққа ала отырып,

1994 жылғы 26 сәуірдегі Қазақстан Республикасы мен Қытай
Халық Республикасы арасындағы қазақстан-қытай мемлекеттік
шекарасы туралы келісімге және 1994 жылғы 3 қыркүйектегі Ресей
Федерациясы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы ресей-
қытай мемлекеттік шекарасының Батыс бөлігі туралы келісімге
сәйкес,

үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының қиысу
нүктесінің орналасу орнын белгілеу мақсатында,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Бұдан былай үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының
қиысу нүктесі деп аталатын Қазақстан Республикасының, Қытай
Халық Республикасының және Ресей Федерациясының
мемлекеттік шекараларының қиысу нүктесі Қазақстан
Республикасының аумағында орналасқан 3339-шы белгісі бар
биіктіктен оңтүстік-оңтүстік-шығысқа қарай шамамен 2,90 км,

Қытай Халық Республикасының аумағында орналасқан 2988-ші белгісі бар биіктіктен солтүстік-солтүстік-шығысқа қарай шамамен 2,81 км және Ресей Федерациясының аумағында орналасқан 3086-шы белгісі бар биіктіктен оңтүстік-батысқа қарай шамамен 3,00 км қашықтықтағы Оңтүстік Алтай (Алтай жотасы) жотасының су айрығында орналасқан.

Үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының қиысу нүктесінің координаттары:

географиялық: солтүстік ендікте $49^{\circ} 06,9'$; шығыс бойлықта $87^{\circ} 17,2'$;

тікбұрышты: $X = 5\,442\,595$, $Y = 15\,520\,905$, биіктігі - 3327.

Биіктіктің координаттары мен белгілері 1942 жылғы координаттар жүйесінде және Биіктіктердің Балтық жүйесінде келтірілген.

2-бап

Үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының қиысу нүктесінің орналасу орны осы Келісімге қоса беріліп отырған және оның ажырамас бөлігін құрайтын, масштабы 1:50000 картада қызыл шенбермен көрсетілген.

Осы Келісімнің 1-бабында аталған биіктіктердің қашықтығы және белгілері, сондай-ақ үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының қиысу нүктесінің географиялық және тікбұрышты координаттары аталған картада белгіленген.

3-бап

Үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының қиысу нүктесінен мемлекеттік шекаралардың сызығы тиісті мемлекеттер

арасындағы шекара туралы қолданылып жүрген шарттарда белгіленгеніндей тәртіппен өтеді.

4-бап

Үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының қиысу нүктесі мәңгілік қар басып жатқан жотаның шыңында, баруы өте қиын орында орналасуына байланысты Уағдаласушы Тараптар осы нүктеге шекаралық белгі орнатпауға келісті.

5-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Уағдаласушы Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама жіберілген күннен бастап күшіне енеді.

Алма-Ата қаласында 1999 жылғы “ 5 ” мамырда әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде үш дана болып жасалды.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде пікір алшақтығы орын алған жағдайда Уағдаласушы Тараптар орыс және қытай тілдеріндегі мәтіндерді негізге алатын болады.

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮШІН

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮШІН

РЕСЕЙ
ФЕДЕРАЦИЯСЫ
ҮШІН



李 辉

